

Қамқоршылық кеңестің отырысын өткізу туралы Ақпарат

2023 жылғы 06 желтоқсанында Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК мектепкедейінгі ұйымның қамқоршылық кеңесінің отырысы өтті. Отырысқа мектепке дейінгі ұйымның директоры, әдіскер кеңестің 8 мүшесі, 1 мүшесі жұмыс уақытынын сәйкес келмегендігінен қатыса алмады.

Күн тәртібінде қаралған мәселелер:

1. ҚК төрағасын сайлау
2. ҚК тексеру комиссиясын қалыптастыру
3. 2023-2024 оқу жылына арналған ҚК жұмыс жоспарын бекіту
4. Мектепке дейінгі ұйымға қайырымдылық және демеушілік көмек тарту қажеттілігі туралы.
5. Әр түрлі мәселелер.

Мектепке дейінгі ұйымның директоры қамқоршылық кеңес мүшелерінің қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидаларымен, оны білім беру ұйымдарында сайлау тәртібімен, Қарағанды облысы білім басқармасының Шахтинск қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» бөбекжайы» КМҚК қамқоршылық кеңесі туралы ережесімен таныстырды. Көпшілік дауыспен мектепке дейінгі ұйымның қамқоршылық кеңесінің төрағасы-Баян Әділқызы Маратова сайланды.

Қамқоршылық кеңестің тексеру комиссиясы құрылды, оның құрамына Д.С. Жұмағұл, А.А. Калкенова, Ж.Ш. Коздембаев кірді.

Отырыста мектепке дейінгі ұйымның қамқоршылық кеңесінің 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспары қаралып бекітілді.

Қамқоршылық кеңес мүшелері мектепке дейінгі ұйымға қайырымдылық және демеушілік көмек тарту туралы мәселені көтеріп, қарастырды.